

Майданали З.  
**«Көшпелі мемлекеттілік»  
тұжырымдамасы саяси және  
әлеуметтік антропология  
зерттеулерінде**

Мақалада «көшпелі мемлекеттілік» мәселесі бойынша саяси және әлеуметтік антропологияның концептуалдық тұжырымдары мен әдіс-тәсілдері қарастырылған. Бірқатар әдіс-тәсілдер арқылы көшпелі империяның саяси жүйенің құрылуы мен қалыптасу ерекшеліктері айқындалады. Көшпелі қоғамдағы саяси-әлеуметтік ізденістердің негізі мен табиғаты қазіргі ғылымның теориялық-әдістемелік көзқарастардың деңгейін және логикалық инструменттердің әлсіздігі мен қарама-қайшы тұжырымдардың айтыстарын қарастырады. Ғылыми-зерттеу тәжірибесі анықтағандай бұл мәселеде жалғастық, ұқсастық және империялық конфедерациялардағы мемлекеттік дәстүрлердің ерекше белгілері ескеру қажеттілігі туындайды. Мақалада «көшпелі империяның» қалыптасу мәселелері көп жақты келістер арқылы сарапталады, оларды біртұтас империялық құрылымда біріккен биліктің әртүрлі типтері мен модельдері ретінде жүйелеу мен қайта құру мәселелері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** көшпелі мемлекет, әлеуметтік антропология, құрылым, билік.

Maidanali Z.  
**The concept of «nomadic  
statehood» in the political and  
social anthropology studies**

Main conceptual positions and methodological paradigms to problem contemporary political and social anthropology of the «nomadic statehood» are considered in the article. There are considered different approaches and methods of the study of the shaping and operating the political system «nomadic statehood». Debate and conflicting conclusions of modern historical science reflect the level of theoretical and methodological approaches and show lack of logical tools for understanding the essence and nature of social and political change in nomadic societies. Research evidence shows that it is necessary to take into account the problem of succession, analogies and special features of the state in the imperial tradition of the Imperial confederations. The article deals with diversified approaches to the problems by adding the migratory habits of political entities of their systematization and reconstruction of a complex set of different types and models of power coupled into a single imperial structure.

**Key words:** nomadic state, social anthropology, structure, power.

Майданали З.  
**Концепция «кочевая  
государственность»  
в исследованиях политической  
и социальной антропологии**

В статье рассматриваются концептуальные заключения и методологические подходы современной политической и социальной антропологии по проблемам «кочевой государственности». Выявлены разные подходы и принципы исследования проблемы существования и функционирования «кочевой государственности». Дискуссии и противоречивые заключения современной науки отражают уровень теоретико-методологических подходов и показывают недостаточность логических инструментов для понимания сущности и природы социально-политических изменений в кочевых обществах. Исследовательская практика показывает, что необходимо учитывать проблемы преемственности, аналогий и особенных черт государственных традиций в имперских конфедерациях. В статье освещаются диверсифицированные подходы к проблемам по сложения «кочевых империй» и их реконструкции как сложного комплекса разных типов и моделей власти, соединенных в единую имперскую структуру.

**Ключевые слова:** кочевое государство, социальная антропология, структура, власть.

**«КӨШПЕЛІ  
МЕМЛЕКЕТТІЛІК»  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ  
САЯСИ ЖӘНЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК  
АНТРОПОЛОГИЯ  
ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ**

**Кіріспе**

Бүгінгі таңда көшпелі қоғамдардың саяси-әлеуметтік трансформациясының концептуалды мәселелерін зерделеу, саяси институттар қалыптасуының мән-мазмұнын анықтау, көшпелілердің әлеуметтік құрылымының өзгерістері туралы ғылыми зерттеулер қажеттілігі туындап отыр. Саяси және әлеуметтік антропологияның заманауи методологиясының талаптары америкалық, еуропалық және ресей ғалымдарының зерттеулерін бірінші қатарға шығарды. Орталық Азиядағы көшпелі құрылымдардың тарихы мен олардың саяси құрылымы күні бүгінге дейін аса маңызды зерделеу объектісі болып келеді. Жаңа әдіс-тәсілдер мен жүйелі сараптау арқылы жүргізілетін зерттеу жұмыстарының барысы әртүрлі бағыттағы үдерістерді көрсетеді. Методологиялық тәсілдерді қайсыбір жаңа мазмұнмен толтыру зерттеушінің өзіне, оның жұмысының нақты жағдайына, интеллектуалды қуатына, сондай-ақ басқа да көптеген факторларға тәуелді. Бүгінгі таңда көшпелі мемлекеттіліктің пайда болуының мәні мен үдерісін түсіндіретін теориялардың ең танымал екі тобы белгілі. Шиеленісті немесе бақылаушы теориялар мемлекеттіліктің пайда болуын және оның ішкі табиғатын қанау, таптық күрес, соғыстар және этникааралық басымдықтар қатынастары тұрғысынан көрсетеді. Интегративті, немесе басқарушы (функционалды) теориялар ең алдымен мемлекет феноменін экономикалық және қоғамдық интеграцияның жоғары кезеңі ретінде түсіндіруге бағдарланған (Крадин, 2006: 503). XX ғасырдың басында американдық әлеуметтанушы-антрополог О. Латтимордың концептуалды байламдары бойынша көшпелілердің тек қана ішкі дамуы қисындарына сүйенетін болсақ, онда оларға тән қоғамды түсіне алмас едік (Lattimore, 1940). Саяси және әлеуметтік антропологияның методологиялық ізденістері көшпелілердің саяси институттарын жүйелі зерттеу барысында өзара кіріккен және өзара іс-әрекеттегі жүйе бөлшектерін құрайтын элементтер кешенін зерделеуі қажет. Сол кездің өзінде көшпелілердің «мемлекетке ұқсас» империяларындағы ішкі қатынастар күш қолданбау (консенсутік және сыйлықтарымен алмасу) байланыстарына негізделді, олардың өміршеңдігі малшыларға салық салудан емес, сыртқы

көздер есебінен қамтамасыз етілді. Ең соңғысы, көшпелі империяларда мемлекеттіліктің басты белгісі болған жоқ. Көптеген заманауи политогенез теорияларына сәйкес мемлекеттілікке дейінгі құрылымдардың мемлекеттіліктен басты ерекшелігі басқарушы көсем тек қана консенсустық (бірауызды келісімге негізділген) билік жүргізді, яғни беделін пайдаланды, ал мемлекетте болса үкімет заңдастырылған күш қолдану арқылы әсер-әрекеттерін жүзеге асырды (Servise, 2005: 16; Classen. Scالنیک, 1978: 21-22).

### Көшпелі социумның «дисперстігі»

Тарих ғылымның дамуы көрсеткендей ғылыми методология талаптарымен есептескен жағдайда ғана прогреске қол жеткізуге болады. Тарих ғылымының, соның ішінде саяси және әлеуметтік антропологияның мақсаты да көптүрлі мифтерден құтылып, сыни, органикалық тарихты жасау болса керек. Тарихи ой-сана, нақты тарихи және ретроспективті сараптама, модельдеу мен қайта құрастыру әдістерінің тізбегі, сондай-ақ басқа да заманауи теориялық-методологиялық тәсілдерді қолдану көрсеткендей көшпелі халықтар ішіндегі туыстық құрылымдар мен генеологиялары көшпелі социумның «дисперстігі» (шашырауы) мен ортадан алшақтауы үдерістеріне жол ашты. Дегенмен көшпелі конфедерациялардағы саяси басқарудың, әскери-иерархиялық органдары ру-тайпалық сегменттермен араласты, бірақ, соның өзінде ру-тайпалардан жоғары тұрды, оларды бақылады, империялық биліктің мақсаттарына сәйкес сондай сегменттерді тиімді пайдалану іс-әрекеттерін ұйымдастырды. Заманауи тарих ғылымында көшпелі бірлестіктердегі «империялық конфедерациясы», «көшпелі саяси жүйе», «саяси-құқықтық қатынастар» сияқты қыртыс-қабаттарды тереңдете зерттеу үшін жаңа тарихи әдістер негізінде қайта құрастыру жұмыстары көшпелі мемлекеттілік дамуының күрделі үдерістерін толыққанды модель ретінде қарастыруға мүмкіндіктер береді.

Көшпелілерге егіншілерден азық, қолөнершілерден қару және т.б. бұйымдар қажет. Бұның бәрін егіншілерден бейбіт сауда немесе соғыс арқылы алуға болатын еді. Екі әдіс те бірігуді және тайпа үстілік қоғам құруды қалайды. Бірақ көшпелілердің отырықшы-қалалық қоғамдармен байланыс орнатуға талпыныс-ұмтылыстары «көшпелі империялар» құруға мүмкіндіктер бере қойған жоқ. Соның өзінде шиеленісті көзқарас бойынша да, интегратив-

ті келіс бойынша да көшпелі империялардың көпшілігін көсемділік деп те, мемлекет деп те бірмәнді қарастыруға болмайды. Далалық империялардың мемлекетке ұқсастығы олардың сыртқы әлеммен қатынастарында анық білінеді (көршілерден қажетті өнімдер мен тауарларды мәжбүрлеп алуға, сондай-ақ сыртқы қысымды бәсеңдетуге бейімделген әскери-иерархиялық құрылым, халықаралық егемендік, сыртқы саяси қатынастарда қолданатын арнайы рәсімдер). Дегенмен екі көзқарас бойынша да мемлекеттілік көшпелілер үшін ішкі қажеттіліктен туындады деп айтуға болмайды. Малшылық қоғамда барша негізгі экономикалық үдерістер жекелеген үй шаруашылығы шеңберінде жүзеге асырылды. Осы себептен басқару – рестрибутивті қызметпен шұғылданатын арнаулы «бюрократтық» аппараттың қажеттілігі болған жоқ. Екінші жағынан көшпелілер арасында туындайтын әлеуметтік қарама-қайшылықтар ішкі саяси орнықтылықты ұстап тұратын дәстүрлі институттар шеңберінде шешілетін болған. Көшпелілерге қатты қысым көрсету оларды көшіп кетуге немесе әрбір еркін көшпелінің өзі жауынгер болғандықтан олар қарсы күш қолдануға дайын еді (Крадин, 2006: 503).

Өз кезегінде американдық ғалым А.М. Хазановтың пікірінше ең оңтайлы және сызба түрінде отырықшы қоғамдармен өзара қарым-қатынастары сипатына сәйкес көшпелі мемлекеттіліктің екі типін бөліп көрсетуге болады. Бірінші типтегі мемлекеттерде өзара қатынастар вассалды-алымды немесе басқа да қарабайыр, ұжымдық тәуелділік пен қанаудың реттелмеген формаларында көріне бастады. Әдетте, көшпелілер мен отырықшы халықтардың әрқайсысы дербес, өздерінің экономикалық аймақтарында өмір сүрді. Қайбір кездерде отырықшы мемлекеттердің тіршілігі жалғаса берді, басқа бір кезеңдерде көшпелілер мен отырықшы-қалалық мәдениет өкілдері бір мемлекеттің құрамында тіршілік етті. Тіпті соңғы жағдайдың өзінде де олардың интеграциясы саяси сфераны ғана қамтып отырықшы қоғамның әлеуметтік-құқықтық негіздеріне ешқандай ықпал жасай алған жоқ деп анықталады (Хазанов, 2006:481).

Қазіргі саяси және әлеуметтік антропологияның көрнекті өкілдерінің бірі Т.Дж. Барфилд болса көшпелілер мемлекеттілікті егіншілерден қабылдады дейтін диффузиялық (таралу, қабылдау) пайымдарды терістейді де, далалық қоғамның орталықтану дәрежесі отырықшы-егінші қоғамдармен саяси интеграциясы деңгейімен тікелей байланысты дейді. Сонымен

бірге көшпелі қоғамдардың саяси ұйымдастырылуы өңірлік экология ерекшеліктерімен шекаралас егінші өркениеттердің жер көлеміне байланысты болды. Заманауи зерттеуші Т. Холл әлемдік-жүйелілік тәсілді қолданады, егер номадизмді осындай методологиялық түсінікте қарастыратын болсақ, онда индустрияландыруға дейінгі дәуірде көшпелілер «жартылай перифериялы» яғни жартылай тысқары орында болған. Т. Холлдың пайымдауынша әртүрлі өңірлік (аймақтық) экономикалар (тұйық шеңбердегі өркениеттер, «әлем-империялар») біртұтас кеңістікте біріккен болатын. Т. Холл тарихшы Т.Дж. Барфилдтің егіншілік өркениеттерімен көшпелі империялардың синхронды (бірмезгілді) өрлеуі мен құлдырауы болғаны туралы пікірін құптайды (Холл, 2006).

Батыс ғалымы Н. Ди Космо өзінің ғылыми еңбегінде полигогенез үшін тайпалық қоғамның өз ішіндегі құрылымдық дағдарысы түрткі болып табылады деп көрсетті (Di Cosmo N. 1999: 1-40 бб.). Мұның өзі көшпелі қоғамды әскерлендіруге, тұрақты әскери бөлімшелер мен арнайы жасақтардың құрылуына алып келеді. Н. Ди Космонның жорамалы бойынша сыртқы әлемнен табыс алудың әдістері бойынша далалық империялар тарихында төрт кезең болған: 1) алым-салық алушы империялар кезеңі – хуннулардан жужандарға дейінгі кезең (б.э.д. 203 ж. – б.э. 551 ж.); 2) түріктердің, хазарлар мен ұйғырлардың (551-907 жж.) сауда алым-салық империялары кезеңі; 3) дуалды-әкімшілік империялар кезеңі (907-1269 жж.); 4) дами түскен империялар кезеңі (1200-1796 жж.). Сондай-ақ ол «далалық» империялардың құрылуына әсер етуші эндогенді (сыртқы) және экзогенді (ішкі) факторларды анықтайды. Эндогенді факторлар ішінен негізгісі ретінде харизматикалық «империя құрылысшыларының» рөлін ерекше атап көрсетеді. Олар далалық саясатта да, әскери іс-қимылдарда да, дипломатияда да өздерін суда жүзген балықтай сезінді, сондай-ақ тайпалық конфедерациялар, тіпті орталықтандырылған саяси билігі мен қарулы күштері бар империялар құруда да жетістікке жетті (Ди Космо, 2008: 210-218).

Заманауи тарих ғылымдарындағы жеке-леген пікірлер мен гипотезалар зерделену үстіндегі құбылыс ерекшеліктерін толыққанды көрсете алмайды. Тарихи пікірталастар барысында, тіпті қарама-қарсы теориялардың өздері бірін-бірі терістемейді, олар зерттеу объектісінің маңызды құрылымдық параметрлерін ғана көрсетеді. Дж. Флетчердің (Флетчер, 2004: 212-

254 бб.) зерттеу методологиясы негізінде мемлекеттілік көшпелі қоғам үшін өмірлік қажетті институт болып табылмайды және өз кезегінде П. Голден көшпелілер өзінше, ешбір сыртқы әсерсіз мемлекеттілік құра алады деген идеяға күмәнмен қарайды, бірақ қытай өркениетінің ықпалымен далалық империялар ерте мемлекеттік формасын қабылдағанын терістемейді (Голден, 2004: 103-135). Л. Квантен өзінің еңбегінде біршама басқаша көзқарасты ұстанады, оның көрсетуі бойынша көшпелі империяларды құрудың бастаулары мен дәстүрлері ұқсас болып келеді, бірақ алдыңғы көшпелі мемлекеттердің қателіктерін қайталамас үшін моңғолдарда стратегиялық жоспар болғандығын мойындайды (Квантен, 1979: 5).

Жаулап алынған отырықшы-қалалық қоғамдарға қатысты көшпелілер екі түрлі модельді қолданды:

1. Егінші халықтың қалаларын қирату, егістік алқаптарын мал жайылымына айналдыру.

2. Өзіндік басқару органдарын күрделендіру – басқару элитасын қалаларға қоныстандыру (седентаризация), бюрократтық аппарат құру, жазбаша іс жүргізуді енгізу.

Жаулап алынған аумақтарды көшпелі қоғамның дәстүрлі институттары арқылы басқару мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, басқару органдарын модернизациялау (жаңғырту) қағидатты түрде қажет еді. Ресейлік зерттеуші С.А. Васютин былайша көрсетеді: «Биліктің көсемдік және ерте мемлекеттік компоненттері арақатысының тұрақсыз және жылжымалы болуы барлық көшпелі мемлекеттерге, соның ішінде Моңғол империясына да тән құбылыс болып табылады». Заманауи тарих ғылымы бұндай өзара қатынастарды «элиталар теориясы» тұрғысынан қарастыру жемісті болады деп тұжырымдайды, онда бір жағынан, жаңа саяси бірлестікте жаулап алушылардың арасынан шыққан жоғары элита болса, екінші жағынан автохтонды тұрғындар ішінен элита құрастырылып, қолдау көрсетіледі. Автохтонды элита да әлеуметтік иерархияның биігіне көтеріледі» (Васютин, 2008: 93-143).

«Көшпелі империя» негізінде көшпелі саяси құрылымдардың диалектикалық дамуы мен өзекті мәселелерін зерделеуге қатысты баламалы (альтернативті) теориялық-методологиялық іргетастар жасау қажеттілігі жатыр. Тарих ғылымындағы ұзақ уақыттар бойына іргелі мәселелердің бірі – «трансконтиненталды көшпелі супер империялар» қалай және не үшін пайда болды деген сұраққа жауап іздестіру болып



табылады. Орталық Азиядағы көшпелі құрылымдардың тарихы мен олардың саяси құрылымы күні бүгінге дейін аса маңызды зерделеу объектісі болып келеді. Жаңа әдіс-тәсілдер мен жүйелі сараптау арқылы жүргізілетін зерттеу жұмыстарының барысы әртүрлі бағыттағы үдерістерді көрсетеді.

Саяси және әлеуметтік антропологияның ресейлік өкілі А.А. Тишкиннің пікірінше – өзара іс-қимылдар нәтижесінде көшпелі билік жергілікті үстемдік етушілердің үстінен қарап, олардың қосымша өнімін ашықтан-ашық меншіктеп, әртүрлі сфералар қызметіне де араласып «екі қайтара элита» құзыретіне ие болады. (Тишкин, 2005: 43-56). В.В. Трепавлов көшпелі қоғам дамуының қолда бар модельдері бойынша негізгі екі үрдісті атап көрсетеді (Трепавлов, 1993):

Орталықтандырылған деспоттық монархиялық басқаруды орнықтыру;

Бірте-бірте ыдырай бастаған тайпаларды біріктіріп ру-тайпалық институттарды тайпаүстілік билік құрылымы функцияларына адаптациялау (сәйкестендіру).

Көшпелі империялардың саяси-әлеуметтік ұйымдастырылуын сарапқа салған зерттеушінің пайымдауынша олар осы қоғамдық құрылыстың біртұтас дамуы үдерісінің баспалдақтары тәрізді болып табылады.

Соңғы онжылдықтардағы концептуалды тұжырымдар мен методологиялық келістердің (тәсілдердің) көрсетуі бойынша көшпелі империялардағы әлеуметтік қатынастар динамикасының эволюциясы біржақты және бірвекторлы болған емес. Белгілі зерттеуші Д.Г. Савинов көшпелілердің этносаяси стратификация жүйесі туралы өзінің жорамалын ортаға салды. Автордың концептуалдық тұғырнамасы бойынша көшпелі қоғам құрылымы жаңадан құрылған мемлекеттік бірлестіктер шеңберінде өзгерген жоқ және Хунну дәуірінен бастап Моңғол империясы құрылғанға дейінгі кезеңде әлеуметтік ұйымның өзіндік «діңгегі» рөлін атқарды. Мәселенің теориялық-методологиялық негіздерін дамытуға өз үлесін қоса түскен Д.Г. Савиновтың сараптамасы бойынша: этнос-элитаның негізгі күштері мәдени шаруашылық іс-әрекеттері әрдеңгейлі экономикалық әлеуетті пайдалану мақсатында полиэтникалық мемлекеттік құрылым жасауға бағытталды. Тәуелді тайпалар, әсіресе этнос-элитаның мәдени-шаруашылық типіне жақын тайпалар қалыптасқан протекторат жүйесінен шығуға, саяси гегемонияны өзгертуге, дербес мемлекеттілік құруға ұмтылды (Савинов, 2005).

Америкалық зерттеушілердің тұжырымдамасы негізінде империялардың өрлеуі мен құлдырауы біртекті, ұқсас циклдардан тұрады және оларда эволюциялық өзгерістер байқалмайды. Осыған байланысты Еуропа мен АҚШ-тың антропологиялық мектептері көшпелі қоғамдарды бүтіндей тоқырауға ұшыраған, өзіндік тарихи дамудан ада қоғам ретінде қарастырады. Т. Дж. Барфилд көшпелі қоғам болмысының заңдылықтары механизмін, сондай-ақ олардың отырықшы халықтармен өзара іс-әрекеттері кезіндегі орын алған трансформациялар мен өзгерістерді зерделеуді ұсынды. Зерттеуші көшпелі қоғамның (ең күрделісі – «көшпелі империя») тарихи эволюциясын ішкі дамудың нәтижелері ретінде емес, екінші-отырықшы халықтармен тікелей араласуы нәтижелері ретінде қарастыру қажеттілігіне назар аударды. Қытайдың орталықтандырылған империялық билігі көшпелілермен шаруашылық қарым-қатынаста болып, олардың көмегіне жүгінді, мұның өзі қайсыбір династияның өміршеңдік мерзімін ұзарта түсті, бірақ соның нәтижесінде мемлекеттің экономикалық ресурстары түбегейлі сарқылды. Т.Дж. Барфилд көшпелі мәдениеттің өзгерістерін қоршаған табиғи орта мен әлеуметтік жағдайларға сәйкестену қажеттілігінен туындайтын ерекше жүйе ретінде қарастырды. Бұл тұжырымның қисынды салдары: Қытайдағы саяси-әлеуметтік үдерістер мен көшпелілердің әлеуметтік даму формалары арасында өзара байланыс болды деген қорытындыға әкеледі. Билік циклы деп аталатын Орталық Азия аумағында орын алған үдерістерді типологияландыру – оның теориясының негізін қалады.

Ал эволюциялық теория өкілдерінің пайымдауынша көшпелі империялар дамуының жоғарғы нүктесі және далалық мемлекеттіліктің классикалық үлгісі Моңғол империясы болып табылады. Эволюциялық номадизм теоретиктері көшпелі мемлекеттілік – біртіндеп ішкі дамудың қорытындысы деп біледі және көшпелілер қытайдың саяси жүйесіне ұқсас жүйе құрды деген пікірлерді терістейді. Дж. Флетчер барлық теорияларға ортақ жеті сипатты анықтады: 1) далалықтардың ашкөздік және жыртқыштық табиғаты; 2) климаттық өзгерістер; 3) дала халқының санының артуы; 4) егіншілердің көшпелілерімен сауда-саттықтан бас тартуы; 5) Өмір сүру үшін қосымша азық-түлік көздерінің қажеттілігі; 6) көшпелілердің тайпаүстілік бірлестіктерін құру қажеттілігі; 7) көшпелілер психологиясының екі тұғырлылығы – егіншілермен бірдей, қатар болу және бүкіл әлемді жаулап алу туралы Тәңір

түсірген сенім. Осындай тұжырымдар негізінде автор мынадай қорытындыға келеді: «Егер моңғол халқының басым бөлігі «көшпелілер өмір салтын жақтаушылар» қатарында қалғанда және егіншілерді қанауды мақсат тұтқан өздерінің дәстүрлі далалық моделіне сенім артқанда империяның өмірі ұзағырақ болар еді (Флетчер, 2004: 221-222).

### Қорытынды

Саяси және әлеуметтік антропология ғылымы көрсеткендей көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік трансформациясының мәні мен табиғатын түсіну үшін логикалық құралдардың жетіспеушілігі байқалады, өйткені бұл жүйе күрделі және ерекше құрылым болғандықтан зерттеушілер үшін шиеленіскен өзара қарым-қатынастарды зерделеу және қайта құрастыру бойынша бірқатар мәселелер туындайды. Бұл аспектілерді тарихнамалық сараптау қажеттілігі саяси және әлеуметтік антропологияның өкілдеріне келесідей талаптар қояды: біріншіден, «көшпелі мемлекеттілік», «көшпелі империя»,

«империялық конфедерация» ұғымдарының мәні мен мазмұны тереңдете сарапталуы тиіс, екіншіден, көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік институттарын зерделеуге қажетті тарихи парадигмалардың ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу өзекті болып табылады. Теориялық-методологиялық ізденістердің тиімділігін арттыру үшін көшпелі құрылымдардың басқару институттарын зерделеу, күрделі кешен сипатындағы биліктің әртүрлі типтері мен модельдерін біртұтас империялық құрылымға біріктіру мәселелері одан әрі тереңдете зерттелуі тиіс. Тарих ғылымының бүгінгі таңдағы дамуы барысы «көшпелі империялардың» саяси-басқару жүйесінің қалыптасуы мәселелері бойынша белгілі бір пікір айту үшін мамандарға көшпелі қоғамның құрылымын зерттеудің критерийлерін талдап жасауды, типтері мен модельдерін қайта құрастыруды жүктейді. Сонымен, көшпелілердің саяси институттарының күрделі және әрдеңгейлі сипаты олардың билік құрылымдарының, әлеуметтік жүйесінің және трансформациялау үдерісінің ерекшеліктерін зерттеудің жүйелі қағидаларын қолдануды қажетсінеді.

### Әдебиеттер

- 1 Барфилд Т.Дж. (2006) Теневые империи: формирование империй на границе Китая и кочевников. Раннее государство, его альтернативы и аналоги: Сборник статей. Волгоград.
- 2 Барфилд Т.Дж. (2009). Опасная граница: кочевые империи и Китай (221 г. до н.э. – 1757 н.э.). СПб: Факультет филологии и искусств СПбГУ.
- 3 Васютин С.А. (2008) Властные системы раннесредневековых кочевников Евразии в свете теории многолинейности. Монгольская империя и кочевой мир. Улан-Удэ: БНЦ СО РАН, Улан-Удэ. Т.3.2008.
- 4 Голден П. (2004) Кипчаки средневековой Евразии: пример негосударственной адаптации в степи. Монгольская империя и кочевой мир. Улан-Удэ.
- 5 Classen H., Scalnik P. The Study of the State. The Hague: Brill.
- 6 Di Cosmo N. (2010) Black Sea Emporia and the Mongol Empire: A Reassessment of the Pax Mongolica. Journal of the Economic and Social History of the Orient, 53. pp. 83-108
- 7 Ди Космо Н. (2008) Образование государства и периодизация истории Внутренней Азии// Монгольская империя и кочевой мир. Улан-Удэ: БНЦ СО РАН.
- 8 Крадин Н.Н. (2006) Кочевые империи и земледельческий мир. Раннее государство, его альтернативы и аналоги: Сборник статей. Волгоград. Сборник статей/под. ред. Л.Е. Гринина, Д.М. Бондаренко, Н.Н. Крадина, А.В. Коротаева. Волгоград: Учитель, 2006.
- 9 Kwanten L. (1979) Imperial Nomads. A History of Central Asia, 500-1500. Philadelphia.
- 10 Lattimore O. (1940) Inner Asian Frontiers of China. New York: American Geographical Society.
- 11 Савинов Д.Г. (2005). Древнетюркские племена в зеркале археологии. В кн: Степные империи древней Евразии. СПб. 346 с.
- 12 Service E. (1971) Primitive Social Organization. New York.
- 13 Тишкин А.А., Дашковский П.К. (2003) Социальная структура и система мировоззрений населения Алтая скифской эпохи. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та.
- 14 Трепавлов В.В. (1993) Государственный строй Монгольской империи XIII в.: проблема исторической преемственности. Москва: «Восточная литература».
- 15 Флетчер Дж. (2004) Средневековые монголы: экологические и социальные перспективы. Монгольская империя и кочевой мир. Улан-Удэ: БНЦ СО РАН.

16 Хазанов А.М. (2006) Кочевники евразийских степей в исторической ретроспективе. Раннее государство, его альтернативы и аналоги: Сборник статей. Волгоград.

17 Холл Т. (2006) Монголы в мир-системной истории. Раннее государство, его альтернативы и аналоги: Сборник статей.

### References

1 Barfield T.J. (2006) Tenevie imperii: formirovanie imperii na granice Kitay I kochevnikov. Ranee gosudarstvo. ego analogi I alternative. Sbornik statey. Volgograd.

2 Barfield T.J. (2009) Opasnaya granaica: kochevie imperii I Kitai. St. Petersburg.

3 Vasyutin S.A. (2008) Vlastnie sistemi rannesrednevekovih kochevnikov Evrasii v sveni teorii mnogolineynosti. Mongolskaya imperia I kochevoi mir. Ulan-Ude. t.3.

4 Golden P. (2004) Kipchaki srednevekovoi Evrasii: primer negosudarstvenoy adaptacii. Mongolskaya imperia I kochevoi mir. Ulan-Ude.

5 Classen H., Scalnik P. The Study of the State. The Hague: Brill.

6 Di Cosmo N. (2010) Black Sea Emporia and the Mongol Empire: A Reassessment of the Pax Mongolica. Journal of the Economic and Social History of the Orient, 53, pp. 83-108

7 Di Cosmo N. (2008) Obrazovanie gosudarstva I periodizaciy istorii Vnutrenney Azii. Obrazovanie gosudarstva i periodizatsiya istorii Vnutrenney Azii. Mongolskaya imperia I kochevoi mir. Ulan-Ude. 498 s.

8 Kradin N.N. (2006) (Kochevie imperii I zemledelcheskiy mir). Ranee gosudarstvo. ego analogi I alternative. Sbornik statey. Volgograd.

9 Kwanten L. (1979) Imperial Nomads. A History of Central Asia, 500-1500. Philadelphia.

10 Lattimore O. (1940). Inner Asian Frontiers of China. New York: American Geographical Society

11 Savinov S.G. (2005) Drevne turkskie plemene v zerkale arheologii. Stepnie imperii drevney Evrasii. SPb.

12 Service E. (1971) Primitive Social Organization. New York.

13 Tishkin. A.A. Dashkovskii P.K. (2003) Socialnaya struktura I sisteme mirovozzreniy naselenia Altaya skifskoy epohi Barnaul.

14 Trepavlov V.V. (1993) Gosudarstveniy story Mongolskaya Emperia XIII v.: problem istoricheskoy preemstvennosti. Moskva.

15 Fletcher J. (2004) Srednevekovie mongoli: kologicheskie I socialnie perspektivi. Mongolskaya imperia I kochevoi mir. Ulan-Ude.

16 Hazanov A.M. (2006) Kochevniki evraziiskih stepey v istoricheskoy retrospective. Ranee gosudarstvo. ego analogi I alternative. Sbornik statey. Volgograd..

17 Holl T. (2006) Mongoli v mir-sistemnoy istorii. Ranee gosudarstvo. ego analogi I alternative. Sbornik statey. Volgograd.